

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ, ДЕНЕ
ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЕҢБЕК
АУЫЛЫНДАҒЫ шағын орталығы бар №22 ОРТА
МЕКТЕП**

**ОРЫНДАҒАН: Окасов Алихан Жұмабай Еркежан
3 - сынып**

Тақырыбы: Ешкі сүтінің емдік қасиеті

Секция: Биология

Бағыты: Жаратылыстану

Жетекшісі: Хабай Санахан

Талдықорған қаласы 2016 ж.




МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

- 1.ЕШКІ МАЛЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ
- 2.ЕШКІ МАЛЫНАН АЛЫНАТЫН ШИКІЗАТ ӨНІМДЕРІ (ЕТ, СҮТ, ТҮБІТ – ҚЫЛШЫҚ, ТЕРІ, МҮЙІЗІ, ТҰЯҒЫ, АШ ІШЕГІ)
- 3.ЕШКІ СҮТІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ, ЕМДІК ҚАСИЕТІ
- 4.ҚОРЫТЫНДЫ
- 5.ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Кіріспе

Бұл ізденіс жұмысымыздың тақырыбы: « Ешкі сүтінің емдік қасиеті »



Ізденіс жұмысымыздың алға қойған мақсаты: төрт түліктің қатарынан орын тие қоймаған, ешкі малының елеусіздеу қалып келе жатқан жағдайын ескере отырып, ешкінің сүті, еті, түбіт – қылшығы, терісі, мүйіз – тұяғы, ішегінің адам өміріндегі пайдасын зерттеп, ешкі сүтінің емдік қасиетін ашып, күнделікті тұрмыста қолдану еді.

Біз нарықтық экономика дәуірінде өмір сүріп отырғандықтан, өз еліміздегі төрт түлік малдың шикізатын өзіміз өңдеп, өндірілген таза тамақтық өнімді пайдалану - әрі денсаулыққа, әрі экономикаға пайдалы екенін ескеруіміз қажет.

Нарықтық экономика заманында әрбір адам түрлі қымбат антибиотик дәрілерді сатып алуға жағдайы келмейді. Сондықтан, қазақтың ұлттық тағамдарымен емдеу әдіс - тәсілдерінің қасиеттерін зерттеп біліп, ауруларды емдеудің шипалық қасиеттеріне баға беру және құрамында бета – казеин мол болуына байланысты ешкі сүтінің ана сүіне жақын екендігін дәлелдеп, ағзаның қорғаныс қызметін арттыратын қасиетін зерттеп білу еді.

Бұл жұмыстың бірінші бөлімінде кіріспе.

Екінші бөлімінде Ешкі малының шығу тегі.

Үшінші бөлімінде Ешкі малынан алынатын шикізат өнімдері.

Төртінші бөлімінде Ешкі сүтінің химиялық құрамы, емдік қасиеті.

Бесінші бөлімінде қорытынды.

ешкілердің жабайы екі түрі (безоар ешкісі, иір мүйізді ешкі), сондай-ақ жойылып кеткен C. prisca түрі жатады.

Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті (мегрель Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті (мегрель, заане Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті (мегрель, заане, орыс ешкілері Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті (мегрель, заане, орыс ешкілері), жүндес (ангор ешкі Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті (мегрель, заане, орыс ешкілері), жүндес (ангор ешкі), түбітті (придон Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті (мегрель, заане, орыс ешкілері), жүндес (ангор ешкі), түбітті (придон, орынбор, башқұрт ешкілері), сүтті-етті жүндес (өзбек, қазақ-қырғыз, кавказ, бурят-моңғол ешкілері) тұқымдары бар.

Ешкі тоғыз – он жыл тіршілік етеді. Ешкі бір – екі, кейде бесеуден лақтайды. Жақсылап күтсе жылына екі рет төлдейді. Текесі 60 – 65 кг-ға




Ешкіні алғаш рет тоғыз мың жыл бұрын Таяу Шығыста қолға үйреткен.


Басқа сөзбен айтқанда ешкі ең көне қолға үйретілген төрт түліктің қатарына жатады. Оның ата – бабасы – жабайы сақалды безоаралық ешкісі. Ол Эгей теңізіндегі Грекия аралдарынан, Түркия арқылы Ирак пен Ираннан Пәкістанға дейін таралған. Сонымен қатар жабайы ешкілердің басым саны Британ аралдарында АҚШ – та, Мексикада, Венесуэллада, Чили, Аргентинада, Аустралияда, Жаңа Зеландия мен қатар басқа да мұхит аралдарында Гавай және Фиджида кездеседі.

Сексек ата төлінің сүтті түрі бір маусымда 250 -350 литр өім береді және ешкі кемінде 7 ай сауылады. Бұл аз десеңіз ешкінің жылына егіздеп – езігдеп туатын өсімталдығы тағы бар. Бұл түлікті бүгінде қазақ елі ұмытты деп айта аламаймыз. Еліміздің шығысы мен батысында ешкі шаруашылығын шамасы келгенше дөңгелетіп жүрген шаруашылықтар бар. Тағы айта кетеріміз, ешкі суыққа шыдамды ыстыққа төзімді болып келеді. Ғалымдар сондай – ақ ешкінің тау – тасқа секіріп жүріп өз азығына барлығы 547 түрлі шөп пайдаланатынын анықтап отыр. Және Сексек атаның тұқымы қойға қарағанда, төлі тез оттығып кетеді.

Лактоза— аса бағалы тағамдық өнім. Организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 %-ы сіңеді. Ешкі сүтінің құрамында 13,4 % құрғақ зат тектер, 4,4% май, 3,6% белок, 4,9% лактоза бар. Ешкі— аса бағалы тағамдық өнім.

Организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 %-ы сіңеді. Ешкі сүтінің құрамында 13,4 % құрғақ зат тектер, 4,4% май, 3,6% белок, 4,9% лактоза бар. Ешкі сүті химиялық құрамы жағынан сиыр— аса бағалы тағамдық өнім. Организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 %-ы сіңеді. Ешкі сүтінің құрамында 13,4 % құрғақ зат тектер, 4,4% май, 3,6% белок, 4,9% лактоза бар. Ешкі сүті химиялық құрамы жағынан сиыр сүтіне жақын. Ерте кездерде асқазаны, бүйрегі ауыратын адамдарға ешкі— аса бағалы тағамдық өнім. Организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 %-ы сіңеді. Ешкі сүтінің құрамында 13,4 % құрғақ зат тектер, 4,4% май, 3,6% белок, 4,9% лактоза бар. Ешкі сүті химиялық құрамы жағынан сиыр сүтіне жақын. Ерте кездерде асқазаны, бүйрегі ауыратын адамдарға ешкі сүтін беріп емдеген. Ешкіден күніне 4 литрге дейін сүт сауылады. Ешкі— аса бағалы тағамдық өнім. Организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 %-ы сіңеді. Ешкі сүтінің құрамында 13,4 % құрғақ зат тектер, 4,4% май, 3,6% белок, 4,9% лактоза бар. Ешкі сүті химиялық құрамы жағынан сиыр сүтіне жақын. Ерте кездерде асқазаны, бүйрегі ауыратын адамдарға ешкі сүтін беріп емдеген. Ешкіден күніне 4 литрге дейін сүт сауылады. Ешкі сүті көбінесе ірімшік— аса бағалы тағамдық өнім. Организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 %-ы сіңеді. Ешкі сүтінің құрамында 13,4 % құрғақ зат тектер, 4,4% май, 3,6% белок, 4,9% лактоза бар. Ешкі сүті химиялық құрамы жағынан





Ешкі - полярға жақын аймақтардан басқа дүние жүзіне кең таралған аса өнімді үй жануары. Ұрғашысы мен еркегінің көбінің сақалы болады, денесін жүн басып тұрады. Оның ұзындығы және сапасы оның тұқымына байланысты. Мысалы ангор ешкісінің жүні ұзын әрі торғын, ал кашемир ешкісі жүн астындағы қалың түбітімен бағаланады. Олардың өңі таза ақтан қышқыл қоңыр, қара және шұбар өңді болып келеді. Ангор ешкісін көбіне олардың мохері үшін өсіреді, Өте жақсы баптап баққан мохері айына 2,5 см жылдамдықпен өседі де жылына әр ешкіден 3,5-5,5 кг жүн қырқып алуға болады. Жоғары сапалы мохер өндірушілер – ОАР, АҚШ, Туркия, Аргентина, Австралия және Жаңа Зеландия. Мохер кілем, мата, жіптер өндіруге пайдаланылады. Кашемир тұқымды ешкілерін негізінен Тибет, Иран, Монголия, Орта Азия және Солтүстік Африкада өсіреді. Кашемир ешкілері ангор ешкілерінен кішілеу болады. Олардың беттері қысқа торғын жүнмен қапталған, ал денесін жіңішке әрі жұмсақ жүн астындағы түбіт және ұзын қылшық жауып тұрады. Тоқыма өндірісінде тек түбіт пайдаланылады. Оның өңі-ақ, көкшіл, сұры, көкшіл сұры, ең құндысы-ақ түбіт. Қылшық жүнінің ұзындығы 13 см, жүн астындағы талшығынікі 3,7 см.. бұл талшықтарының диаметрі өте біртектес, олардың көлденең қимасы дөңгелек деуге болады. Серпінділігіне байланысты кашемир түбітінен істелген бұйымдар ерекше жылы әрі жеңіл.


Ешкі сүтінің емдік қасиеті

Ешкі сүті — жоғары азықтық және биологиялық құндылығы бар ерекше тағам өніміне жатады. Өзінің физикалық-химиялық қасиеттері мен дәміне сай ешкі сүтінің сиыр немесе басқа да ауыл- шаруашылық жануарларының сүтімен салыстырғанда тиімді айырмашылықтары мол.

Ешкі сүті де сиыр сүтіндей казеиндік топқа жатады. Бірақ ешкі сүтінде сиыр сүтіндегі аллергиялық серпіндердің көзі саналатын — альфа-1s-кезеңі жоқ. Сондықтан ол сиыр сүтіне аллергиясы бар адамдар үшін ұсынылады. Құрамында бета-казеин мол болуына байланысты, ешкі сүті әйелдердің емшек сүтіне жақын.

Ешкі сүті нәруыздарының көпшілігінің құрамында альбуминнің мол көлемі болуына байланысты, құрамдас бөліктерге ыдырайды, яғни қорытылмаған күйінде сіңбей, ұсақ ұлпектер түрінде ұюға ұшырайды. Сондықтан ол ағзаға жеңіл сіңіп, ас қорыту жүйесінің бұзылуына жол бермейді. Құрамында лактозаның төмен мөлшері (сиыр сүтінен 13% кем, әйелдердің емшек сүтінен — 41% кем) болуы — бұл өнімді лактоза жеткіліксіздігі бар адамдар үшін қолдануға мүмкін етеді. Ешкі сүтіндегі май ағзаға жақсы сіңіріледі және 4,0-4,4% майлылықта ешкі сүті 100 пайыз сіңеді. Ешкі сүтінде адам ағзасының тіндерінде холестерин жиналуына қарсы тұратын ерекше метаболикалық қасиеті бар және ағзаның қорғаныс қызметін арттыратын қанықпаған майлы қышқылдардың 67 пайызы бар.

Жоғарыда келтірілген артықшылықтарынан басқа ешкі сүтінде көп кальций (143.0 мг), магний (14.0 мг), фосфор (89.0 мг), марганец (17.0 мкг), мыс (20.0 мкг), А (0.1 мг), В (0.04 мг), С (2.0 мг) және Д (0.06 мг) дәрумендері, аскорбин қышқылы бар. В12 дәруменінің құрамына кіретін және қан өндірімі үрдістеріне жауап беретін кобальттың мөлшері сиыр сүтімен салыстырғанда ешкі сүтінде 6 есе көп. Сүттің құрамында кальцийдің мөлшерінің мол болуы жүрек - қантамыр жүйесіне оңтайлы әсеретеді.



Бірақ ешкі сүті сиыр сүтіндей темірге бай емес. Темір қандағы гемоглобиннің түзілісіне ғана емес, төтемелік жүйенің қалыпты жұмысы мен мінез-құлық сипатының сәйкестігін қамтамасыз ету үшін де қажет. Дегенмен ешкі сүтіндегі темір сиыр сүтіндегіден гөрі жақсы сіңеді. Бірақ әйелдердің емшек сүтінің сіңу дәрежесіне жете бермейді. Осылайша, ешкі сүті минералдық заттектерге, дәрумендер мен микроэлементтерге сиыр сүтінен гөрі байырақ, ешкі сүтінің нәруыздары асқазанда тығыздалмауына байланысты сіңімдірек келеді.

Ешкі сүтінің майы адам ағзасында 100 пайыз дерлік сіңіріледі, құрамында лактоза аз болуына сай, лактоза жеткіліксіздігі бар адамдарға ұсынылады.


Құрамында аллергия тудырушы альфа-1s-казеин болмауына байланысты азықтық аллергиясы бар адамдарға қолдануға болады.

Ешкі сүтінің химиялық құрамы басқа да жануарлардың сүтіндей тұрақты емес және көптеген ықпалдарға: жануардың тұқымына, жасы мен саулығына, лактация кезеңіне, қоректену мен күтім жағдайларына байланысты.

Ешкі сүтінің көптеген емдік қасиеттері бар. Әсіресе, асқазан ауруларында, анемияда, көздің нашар көруінде, диатезде пайдалы. Емшек жасындағы балаларды қоректендіру үшін аса қолайлы.

Швейцарияның таулық шипажайларында туберкулез, анемия мен рахит ауруына шалдыққандарды өу бастан-ақ ешкі сүтімен емдеген.

Халық аузындағы аңыздар ешкі сүтінің керемет сиқырлық қасиетін, ауыр науқастардан кейін ағзаға күш беріп, айықтыратын ерекшелігін жыр етеді. Авиценна жерлестеріне кәрі жасқа жеткенде ұрпақ алдында сыйлы тұрпатқа ие болу үшін ешкі сүтін ұдайы пайдалануды ұсынған. Халық медицинасы ешкі сүтіне әлсірегендер мен азықтық аллергиясы бар балаларға қолданатын өнім ретінде ерекше маңыз береді.

A woman in a white dress is milking a cow in a lush green field. The background shows trees and a clear blue sky. The text is overlaid on the image in yellow.

Ежелгі аңызға сенсек, найзағаймен алысқан Зевстің өзі Амалтея — тәңірлік керемет ешкісінің сүтін мүйізінен ішкен. Әл-Фараби ешкі сүті туралы: «ең тұрақты» деп жазған. Емдік қасиеттерін күшейту үшін оны түрлі қоспалармен қайнатқан: көз бұршағының бұлыңғыр тартуына қарсы — күнжітпен, іш өтуге қарсы — теңіз тастарымен, арпа жармасымен.

XIX ғасырдың аяғынан бастап ешкі сүті үшін өрлеу кезеңі басталды. Осы кезде медицина мамандары ол жайлы әйелдердің емшек сүтін алмастыруға басқалардан қолайлы екендігін айтты. Ешкі туберкулезбен, бруцеллезбен, сиыр ауыратын басқа да аурулармен ауырмайды. Ешкі сүтінің сапасы сиыр сүтінен гөрі анағұрлым жоғары, біртекті, құрамында нәруызсыз азот жоқ. Оның нәруыздары аса сапалы, басқа азықтарға қарағанда тиаминге бай. Ал тиамин — «В» тобы дәрумендері арасындағы маңызды дәрумен, өмірдің әр кезеңінде пластикалық және энергиялық алмасуға қатысады.

Негізгі азықтық құрамбөліктерінің — нәруыздар, майлар мен көміртектердің мөлшері ешкі мен сиыр сүтінде ұқсас келеді. Бірақ әйелдердің емшек сүтінен салмақты айырмашылығы бар: жануарлардың сүтінде нәруыздар едәуір көп, бірақ майлар мен көміртектер аз болады.

Осы айырмашылық адам ағзасында ешкі мен сиыр сүтінің түрлі әсер етуін түсіндіреді. Ешкі сүтінің қорытылуы кезінде пайда болатын қою ұйынды сиыр сүтінікіне қарағанда тығыз емес. Ас қорыту ферменттері үшін өңдеуге оңай келеді. Емшектегі сәбиге ешкі сүтінің ұйындысы ана сүтінің қорытылуындай әсер береді.

Ешкі сүтінің майлық құрам бөліктерінің сипаты да сиыр сүтіне қарағанда оңтайлы. Мысалы, ешкі сүтінің май домалақтарының көлемі кішірек келеді. Бұл майлардың жақсы сіңірілуі үшін ешкі сүтінде ортатізбектік үшглицеридтердің болуы ықпал етеді. Олар — лимфалық қылтамырларды айналып өтіп, бірден веналық жүйеге енетін, ішекте өтсіз сіңетін ерекше қабілеті бар майлар. Ешкі мен сиыр сүті минералдық тұздардың, микроэлементтер мен дәрумендердің үйлесімі жағынан әйелдердің емшек сүтіне жете бермейді. Бірақ ғалымдардың дәйектері бойынша, ешкі сүтінің құрамында темір аз болуына қарамастан, ол баланың ішегінде сиыр сүтіндегі темірге қарағанда тиімдірек сіңеді. Ал ешкі сүтіндегі В12 дәруменінің жеткіліксіздігі бұл сүтпен қоректендендірілген сәбиде мегалобласты анемия туындауының себебі болуы мүмкін. Бұл дімкәстің себебі — азықта В12 дәрумені мен фолий қышқылының тапшылығы болуынан, соңғысының мөлшері ешкі сүтінде болады.

АҚШ мамандарының пікірінше, ешкі сүті сиыр сүтіне қарағанда адамның физиологиялық қажеттіліктерін оңтайлы қанағаттандырады. Олардың деректеріне сай, сиыр сүтіне аллергиясы бар адамдардың көпшілігі ешкі сүтін жеңіл көтереді. Бұл пікірді итальяндық медицина қызметкерлері жоққа шығаруда. Олардың зерттеулері керісінше нәтиже берген: сиыр сүтін көтере алмайтын балалар ешкі сүтінде бірдей әсермен қабылдаған. Канадалық дәрігерлердің айтуынша, ешкі сүті тері мен буын ауруына шалдыққан адамдардың денсаулығына жақсы әсер етеді, әрі өт-тас ауруларын емдеуде, фибромиома мен балалар эпилепсиясын емдеуде аса пайдалы.

Жалпы, педиатрлар ешкі сүтіне бірауыздан ықылас білдіруде. Балаларды қоректендіруде сиыр сүтіне қарағанда, ешкі сүті жарамды келеді. Әрине, бала үшін ана сүтіне жететін тағам жоқ. Бірақ жасанды немесе аралас қоректендіруде ешкі сүті ана сүтін алмастыру үшін лайықты және 6 айдан асқан балалар үшін қосымша қорек ретінде пайдалануға болады.

Жалпы, ешкі сүтінің ерекше және сиқырлық қасиеттері жайлы пікірлерді салмақтай отырып, мамандар оның бойында бірқатар пайдалы ерекшеліктері бар екенін және сиыр сүтін көтере алмайтын және оның нәруыздарына аллергиясы бар балаларды тамақтан дыруда тиімді қолдануға болатынын айтады. Жақында Ресей нарығында ешкі сүті негізінде жасалған, ана сүтін алмастыратын, бейімделген қоспалар пайда болды. Сондықтан ата-аналардың өздерінің сәбилерін ешкі сүтімен қоректендірудің жоғарыда айтылған ерекшеліктерін бақылап көруіне мүмкіндіктері бар.


Төрт айға дейінгі сәбилердің тағам үлесі емшек сүтінің алмастырғыштарымен шектелуіне сай аллергия тудыратын өнімді алып тастау қиынға түседі. Сиыр сүтінің нәруыздарына немесе сөя нәруыздарына аллергия болған жағдайда, ешкі сүті негізіндегі бейімделген қоспалар пайдаланылады. Оларды сәбилерге туғаннан бастап қолдануға болады.

Ешкі сүті сәбилерді іш өтуден сақтайды. Аллергологтар оны сиыр сүтінен жасалған өнімдерді көтере алмайтын балаларға да ұсынады.

Ешкі сүтінен немесе оны қосып ашытқан өнімдердің пайдасы да мол. Швейцарлық сырлардың атағының құпиясы — сиыр сүтіне ешкі сүтін қосып жасауында болса керек.

Йогурт секілді танымал өнім ешкі сүтінен шыққан. Профессор Мечников ешкі сүтінен жасалған болгар йогуртынан емдік лактобациллинді бөліп шығарды.

Қорыпайтқанда, ешкі сүті ерекше химиялық құрамына сай пайдалы тағам өнімдеріне жатқызуға болады. Халықтың жаппай тұтынатын өнімі ретінде түрлі жас топтары арасында қолданылуымен қатар, ешкі сүтінің түрлі аурулардың алдын алу шараларында да тиімділігін ескерген жөн.



Қорытынды

«Төрт түлік мал – қазына» деген атам қазақ қашанда малдың қадірін білген. Бірақ заманына қарай адамды өзгертіп, түлігімізді темір тұлпарға айырбастап жәйілімді малдымсыз қолданып, ата кәсіпті ұмытуға шақ қалдық. Өз қолымызбен жасағанды мойнымызға алып мал шаруашылығын дамыту бағытында елеулі жұмыстар атқарылуда. Бірақ, ірі қара малын асылдандыруға аса мән берген кезеңдер Сексек атаның атаның түлігін ұмытып кеткен сыңайлымыз.

Қолға үйретілген алғаш төрт түлік аяқтылардың бірі – ешкінің адамға берер пайдасы шаш етектен. Бірақ, ешкіні малға санайтын жұрт күн сайын азайып барады.

Ешкі малының адам өміріндегі пайдасы өте зор екендігін біз өзіміз зерттеген зерттеулердің нәтижесінде көз жеткіздік

Отандық нарықта ешкі сүтімен одан жасалатын өнімдердің кеңістігі бос тұр десек де болады. Қолда бардың қадірін бағалай алмай отырғанымыз анық. Баланың тағамдары иогрт, айран, қаймақ, биоскі тағы да басқа сүт өнімдерін қымбат бағамен шетелден әкелеміз. Оның құрамы табиғи таза өнімге жетпейтіндігі, бағасының қымбаттығы, ұзақ уақытқа қолдануға болмайтындығын ескере келе өз елімізге ешкі шаруашылығын дамыту қажет деп ойлаймыз.

Ана сүтімен құрамы пара – пар келетін ешкі сүтінен барылқ түрдегі балардың тағамы және ірімшік, құрт, сүзбе, қатық жасауды қолға алатын жеке шаруашылық құрып жұмыс жасайтын болсақ ел экономикасын дамытуға, адамдардың денсаулығын сақтауға, үлкен үлесін қосар сөзсіз.

Біздің ел қаншама мөлшердеп ешкі малының шикізатын (**түбіт, тері, ішек, ет**) тағы да басқа көршілес Қытай мемлекетіне өте төмен бағамен өткізіп, сол өнімдерден жасалған киім – кешектерді жүз есе қымбат бағамен сатып алудамыз.

Осы жағдайларды ескере отырып, отандық шикі зат өңдеу заводтары салынып, іске қосылса еліміздің экономикалық жағдайы жақсарып халық таза, арзан отандық өнімдерді тұтынар еді. Ешкі сүтінің емдік қасиеттерін жоғарыда айтылған аурулар түріне күнделікті қолдансақ шипасын беріп, адам денсаулығын нығайтуда өз пайдасын тигізетініне кәміл сенеміз.











